

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

**Қазақстан тарихы пәнін оқыту
әдістемемік нұсқаулық**

**Алматы
«Қазақ университеті»
2017**

ӘОЖ 94(574) (075,8)

КБЖ 63,3 (5Каз) 73

К 18

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің

Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі

шешімімен ұсынылған

(№ хаттама « » « »2017 жыл)

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Е.Жаппасов

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор С.К.Утениязов

тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Ш.Махаева

Құрастырғандар:

А.К.Бегалиева, Д.Г.Ахметжанов, Д.К.Бегалиев

Қ.18 Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған нұсқаулық

/құраст.: А.К.Бегалиева, Д.Г.Ахметжанов, Д.К.Бегалиев - Алматы. Қазақ университеті, 2017.-137 б.

ISBN 978-601-04-1049-7

Әдістемелік нұсқаулық тыңдаушыларға, колледж студенттеріне, бейімдік мектеп оқушыларына сапалық деңгейін көтеру, жаңа көзқарасты қалыптастыру, сонымен бірге семинар сабақтарына дайындықта көрнекі құрал ретінде қарастырылған.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушыларына, колледж студенттеріне, бейімдік мектеп оқушыларына арналған.

ӘОЖ 94(574)(075,8)

КБЖ63,3(Каз)я 73

ISBN 978-601-04-1049-7

Құраст.: Бегалиева А.К., Ахметжанов Д.Г.,
Бегалиев Д.К., 2017.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 201

Кіріспе

Тыңдаушыға, студентке, оқушыға Қазақстан тарихының жаңа курсына оқыту тарих пәні мұғалімінен кең, жан-жақты дайындық пен өзінің теориялық және кәсіби деңгейін арттыруда үздіксіз жұмыс істеуді қажет етеді.

«Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі» курсы бойынша дәріс, практикалық және тәжірибелік сабақтар тарих пәні мұғалімін кәсіби дайындауда маңызды кезең болып табылады. Олар тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың оқу орнында алатын білімдерін бекіте түсуге көмектеседі.

Әдістемелік нұсқаулықтың міндеті: тыңдаушыларға, студенттерге, оқушыларға практикалық сабақтарға дайындалуға көмек көрсету. Оның құрылымы және тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың өзіндік жұмысына, сол сияқты талқылау алаңына ақпарат таңдаудағы ұстаным анықталады.

Әдістемелік нұсқаулықты әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы жасаған, педагогикалық институттар мен университеттердің тарих жоғарғы оқу орнына дейінгі факультеттерінің тыңдаушыларына, арналған «Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі» курсының бағдарламасына сәйкес келеді.

Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі бойынша практикалық сабақтардың әр тақырыбы әдістемелік нұсқаулар мен әдебиеттерді, үлгілік жоспарды қамтиды. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі бойынша практикалық сабақтардың тиімділігін арттыру үшін мүмкіндігінше тақырыпта оқылатын курстың бағдарламасына сәйкес қолдану керек, оларды бүгінгі күн тұғырынан қолдану мен құрастыру үшін ізденіс жүргізу керек. Мұндай қолданыс тыңдаушылардың колледж студенттерін, мектеп оқушыларының ойлауын дамыту және қалыптастыру үшін тиімді құрал болады, сол сияқты білім, біліктілік және дағдыларды негіздемелік игерудің құралы болады.

Қазақстан тарихын оқытын тыңдаушылар үшін практикалық сабақтардың белгіленген тақырыптарын қолдану аса ерекше мәнге ие, бірінші себебі, ол пәнді оқудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді, екіншіден, мектеп Қазақстан тарихын оқытудың ең күрделі және маңызды мәселелері бойынша тыңдаушылардың пікір-таластар мен баяндамаларды мазмұндық талқылауына ықпал етеді.

Практикалық сабақтардың біз ұсынған тақырыбы жобалық болып табылады. Практикалық сабақтардың көп бөлігін тыңдаушылар, колледж студенттері, мектеп оқушылар жаппай өздері орындайды. Практикалық сабақтардың аз бөлігін тыңдаушылар, студенттер, оқушылар жеке дара орындайды. Практикалық сабақтар үшін оқу ақпаратын іріктеу барысында ЖОО-да практикалық сабақтар жүргізілетін тақырыптар көптеп алынады. Тыңдаушыларда, студенттерде, оқушыларда оқудың дидактикалық құралдары мен әдістері, білім беру-тәрбиелік міндеттері, мазмұны, түрі бойынша әртүрлі сабақтарды қарастырады.

Практикалық сабақтар

1-сабақ

Тақырып: Қазақстан тарихы бойынша бағдарламалар мен оқулықтарды талдау

Мақсаты: Тыңдаушыларды, студенттерді, оқушыларды Қазақстан тарихы мектеп курсының құрылымы мен негізгі мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжат ретінде ЖОО бағдарламасымен таныстыру. Қазақстан тарихы бойынша оқулықтардың қысқа сипаттамасын беру.

Жоспар

1. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің, колледждің, бейімдік мектептің оқушылары арналған Қазақстан тарихы бойынша жасалған жаңа бағдарламалардың мәні.

2. Қазақстан тарихы бойынша бағдарламаларды талдау /таңдау бойынша/.

3. Қазақстан тарихы оқулығының құрылымы мен мазмұнын талдау /таңдау бойынша/.

Әдістемелік нұсқаулар

Тыңдаушы, колледж студенті, бейімдік мектептің оқушыларына арналған Қазақстан тарихы бойынша жаңа бағдарламалар мектептің қолданыстағы оқу бағдарламасына және пәнді екі негізгі паралельдік курста Қазақстан тарихы мен 7 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі дүниежүзілік тарихын оқытуды ұйғаратын пән құрылымын ескеріп жасалғанын атап өту керек. Бағдарламалар тарих бойынша орта білім беру мазмұнының базалық деңгейі негізінде құрастырылған. Қорытындыда ол бағдарламалардың жаңа құрылымы мен мазмұны адамзат дамуының біртұтас, дүниежүзілік тарихи көрінісін қалыптастыруға бағытталғанын көрсету керек.

Қазақстан тарихы бойынша жаңа бағдарламаларды талдай отырып, тыңдаушылар, колледж студенттері, мектеп оқушылары тарихты оқытудың білім беру-тәрбиелік міндеттері қалай анықталғанын анықтау керек, сол сияқты Қазақстан тарихы мектеп курстарының біреуінің білім беру-тәрбиелік мәні құрылымын анықтау керек, ежелден жаңа ғасырға дейінгі тарих бағдарламаларында көрсетілгендей тыңдаушылардың, студенттердің өзіндік жұмыс біліктіліктері мен дағдыларын дамыту қажет. Тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың қарастыру аймағында шығармашылық әлеуетін дамыту, оқытудағы жеке тұғыр, ішкі тепе-теңдікке ықпал ететін қосымша элементтерді оқу ақпараты мазмұнына қосу, негізгі оқу ақпаратын іріктеу, тақырыптық бөлімдер, дидактикалық кірістер мен шешімдер, сол сияқты дүниежүзілік-тарихи үдеріс контексіндегі тарихтың оқылатын оқиғаларын терең ойлау, білімдерді тереңдете ықпал ететін кіріспе және қорытынды жалпылама сипаттамалары болу керек.

Қазақстан тарихы оқулығымен ойластырылған әдістемелік жұмыс тыңдаушының, студенттің, оқушының білімді негізінен сабақта игерудің және олардың тарихи ақпаратпен өзіндік жұмыс істеу біліктілігін енгізудің бір шарты болып табылады. Қазақстан тарихы оқулығын талдауда тыңдаушы, студент, оқушы

келесі сұрақтарға жауап беру керек:

1. Оқулық мектеп бағдарламасына қандай мөлшерде сәйкес келеді?
2. Оқулық тыңдаушыларды ,колледж студенттері тарихи көзқарастарын қалай жасайды, қоғамдық даму заңдылықтарын, тарихи ұғымдар жүйесін қалай қалыптастырады, себеп-салдар байланысын қалай ашады? Оқулық құрылымы қандай? (тыңдаушы, студент, оқушы бөлімдерге, тарауларға және параграфтарға көңіл аудару керек). Тараулар мен параграфтар тапсырмалары мен сұрақтар жүйесі қандай? Ресми ақпараттың тапсырмалар жүйесі қалай жасалған? Тыңдаушылар,студенттер, оқушылар талдау үшін 5-11 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы бойынша мектеп оқулықтарын, Қазақстан тарихынан жазылған оқу куралдары мен оқулықтарды таңдай алады.

2-сабақ

Тақырып: Тарихи білімді қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру.

Мақсаты: Тыңдаушыларға, колледж студенттеріне,оқушыларға қоғамдық даму заңдылықтары мен объективті тарихи байланыстарды, тарихи фактілерді, оқу жолдарын және мәнін түсіндіру.

Қазақстан тарихы курстарының құрылымдық әдістемелік талдаудың сипатын көрсету. Қазақстан тарихын оқыту тәсілі арқылы тыңдаушыларға, студенттерге, оқушыларға тәрбие беру мен білімдерін дамытуды, жалпы әдістемелік бағыттауды анықтау.

Жоспар

1. Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде тарихи көзқарастарды жасау.
- 2 Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде тарихи түсінікті қалыптастыру.
- 3 Тыңдаушылардың,колледж студенттерінің,оқушылардың тарихи үдерістің заңдылықтар ұғымын қалыптастыру.

Әдістемелік нұсқаулар

Тыңдаушы,колледж студенті,оқушы құрылымдық әдістемелік талдау күрделі көпқырлы тарихи ақпараттан білімнің жалпылама бөліктерін ажыратып, оларды оқудың сәйкес әдістемелік тәсілдері мен амалдарын көрсету үшін керектігін білу керек. Құрылымдық талдау арқасында оқытушының әдістемелік шебер тәжірибелік пайдалануының ғылыми негізделген тұғыры алынады.

Бірінші сұраққа дайындалғанда тыңдаушы, студент,оқушы келесі сұрақтарға мән беру керек: а) тарихи көзқарастар түрлері және олардың ЖОО-да Қазақстан тарихын оқыту үдерісіндегі рөлі; ә) тарихи кеңістік пен тарихи уақыт туралы көзқарас қалыптастырудың жолдары б) өткен фактілері туралы көзқарастарды қалыптастыру үдерісінде тарихи ақпаратты нақты мазмұндау мен білімді жоғарылатудағы құралдары.

Екінші сұрақтың мазмұнын ашуда ол тарихи ұғымдар жүктемесі мен тарихты оқытуда тарихи ұғымдардың рөлін көрсету керек. Тарихи үдерістің заңдылықтарын

игеру мен түсінуге тыңдаушыларға, колледж студенттеріне, оқушыларға білім берудің әдістемелік жолдары, Қазақстан тарихы пәні әртүрлі теориялық деңгейде тарихи даму заңдылықтарының ашылу дәрежесі, тарихи заңдылықтар түрлеріне жататын Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушыларды тарихи ұғымды қалыптастырудың әдістемелік жолдары мен тәсілдері назарға алыну керек.

3-сабақ

Тақырып: Қазақстан тарихын оқыту әдістері

Мақсаты: Тыңдаушыларға, колледж студенттеріне, оқушыларға білім беру тәсілдері мен оқытушының сабақ беру тәсілдерін үйлесімді келістіру негізінде жасалған Қазақстан тарихын оқытудың әдістерінің жүйесін көрсету.

Жоспар

1. Ауызша сөйлеу және Қазақстан тарихын оқыту әдісінің маңызы мен мәні.
2. Қазақстан тарихы сабағында тарихи білімдерді ауызша мазмұндаудың тәсілдері.
3. Қазақстан тарихы сабағында тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.
4. Тарихи оқу мәтіндерімен жұмыс істеу әдістемесі.
5. Қазақстан тарихын оқытуда көрнекілік құралдар. Тарихи ақпарат сипаты мен мазмұнына байланысты оқытудың көрнекілік құралдарын жіктеу

Әдістемелік нұсқаулар

Практикалық сабақтар жоспарының бірінші сұрағына дайындалғанда тыңдаушы, колледж студенті, оқушы тек қана Қазақстан тарихын оқытуда жетекші рөл ойнайтын, оқытушының ауызша сөзіне көңіл аудару керек. Оның көмегімен бейнелік көзқарастар жасалады, түсініктер қалыптасады, қоғамдық дамудың заңдылықтары мен объективті тарихи байланыстар ашылады. Тарихи ақпараттың осы бөлшектері негізінде тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушының танымдық іс-әрекеті ұйымдастырылады. Осыдан кейін тыңдаушы, колледж студенті, оқушы Қазақстан тарихы сабағындағы оқытушы сөзінің көптүрлі қызметтерімен танысады, оған танымдық-сипаттамалық және логикалық қызметтер жатады.

Жоспардың мақсаты тыңдаушыны, колледж студентін, оқушыны ауызша оқытудың тәсілдер жүйесімен (хабарландыру, сипаттау, түсіндіру, талқылау) таныстырады, осы тәсілдердің жүктемесін талдайды.

Қазақстан тарихы сабағында тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру құрылымына (практикалық сабақтар жоспарының үшінші сұрағы) біріншіден, мұғалімнің

Қазақстан тарихы сабағына дайындалу тұғыры (сабақтың нақты мазмұн бөлімі, тақырып, бағдарлама тақырыпшалары шегімен анықталады, түсініктер қалыптастыру, тұлғаның идеялық және адамгершілік сапаларын тәрбиелеу) және екіншіден, Қазақстан тарихы сабағының мазмұнын дайындау (бағдарлама, оқулық мәтіні, әдістемелік кітапшалар, қосымша әдебиеттер) жатады.

Қазақстан тарихы сабақтарында оқылатын ақпарат сипатынан шығатыны, тыңдаушы келесі сызбаны қолданып, ауызша оқытудың тәсілдерін анықтай алады:

Жаңа ақпаратты оқу жоспары	Оқытушының оқыту тәсілдері	Тыңдаушының, колледж студентінің, оқушының танымдық іс-әрекеті

Жоспардың келесі мақсаты Қазақстан тарихы оқулығының мәтіндерімен жұмыс әдістемесімен тығыз байланысты. Қазақстан тарихы сабағында мұндай жұмыс оқу ақпаратын шығармашылықты игеру және қолдану, қабылдау үшін жүргізіледі. Қазақстан тарихы оқулығымен тең орталық орынды тарихи ақпараттың өзін, мәтіндегіні игеру, талдау, жалпы тарихи фактілерді бағалау, олардың арасында себепті және басқа да байланыстарды орнату, оларды салыстыру және қарама-қарсы қоя алады.

Бұл жұмыстың әдістемелік тәсілдері болып табылады:

а) бөлім немесе параграф мазмұнының қисынды сәттері бойынша бақылау сұрақтары;

ә) қойылған сұраққа тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың оқу мәтінінен жауап табуы;

б) оқулық мәтіні фактілерімен қорытындыны құптау;

в) оқулық мәтінінде сипатталған екі немесе одан да көп құбылыстарды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу;

г) дәлелдеуге арналған тапсырмалар (иллюстрация мен құжат, параграф мәтіні негізінде дәлелдеу).

Практиклық сабақтың келесі мақсатымен танысып, Қазақстан тарихын оқытуда көрнекілік құралдар қандай рөл атқаратынын ойлаңыз. Қазақстан тарихын көрнекі құралдармен оқыту әдісіне анықтама беріңіз, оқытудың көрнекі құралдардың тәсілдерін жіктеу туралы сұрақтарды анықтаңыз (пәндік, суреттік, шартты-графикалық сызбалық, өзіндік). Көрнекі нұсқаулықтар ақпарат көзі және сол сияқты тарихи білімдерді нақтылау тәсілі болып табылады.

Төртінші сабақ

Тақырып: Қазақстан тарихы сабағының құрылымы. Тақырыптық жоспарлау. Оқытудың дидактикалық тәсілдерінің сипаттамасы.

Мақсаты: Оқытушы оқытуды ұйымдастыру формасы ретінде Қазақстан тарихы сабағының мәнін ашу.

Жоспар

1. Қазақстан тарихы сабағының құрылымы
2. Қазақстан тарихы сабақтарының түрлері.
3. Қазақстан тарихы сабағын жоспарлау және сабаққа дайындалу.

Жоспардың бірінші сұрағына тыңдаушы, колледж студенті, оқушы үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені ол сұраққа өзінің жауабының басында Қазақстан тарихы сабағының құрылымын және жалпы тарих сабағы құрылымы ұғымының эволюциясын педагогикалық көзқарастан ашып көрсетеді. Тарих сабағының құрылымы күрделі және әртүрлі. Қазақстан тарихы сабағының құрылымы нормативті теория ретінде қабылданады. Сондықтан, Қазақстан тарихы сабағының тиімділігін арттыру, көбінесе сабақ құрылымының теориясын жасаумен байланысты.

Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы педагогикалық және әдістемелік әдебиетте тарих сабағы құрылымының әртүрлі анықтамалары беріледі. Біріншіден, бұл оқу үдерісі бөліктерінің бірден-бір өзара байланысы; екіншіден, нысанды қызметке қосу үдерісіндегі өзара байланыстылық; үшіншіден, жүйе бөлшектерінің байланысының ішкі сипаты, олардың ерекше реттілігі. Бұл екіпіндердің барлығы Қазақстан тарихы сабағы құрылымын түсіну тұғырында мәнге ие.

Тарих сабағы құрылымын анықтағаннан кейін тыңдаушы, колледж студенті, оқушы Қазақстан тарихы курсының арнаулы ерекшеліктерін ескеріп, Қазақстан тарихы сабағы педагогикалық құбылыс ретінде өз құрамы мен өз құрылымына ие екенін атап өту керек. Ол әртүрлі бөлімдерден, бөлшектер мен элементтерден тұрады (кіріспе бөлім, ұйымдастыру сәті, сауалнама, түсініктеме, дидактикалық міндеттер, құралдар, тәсілдер мен оларды шешу жолдары). Олардың барлығы белгілі бір түрде байланысты және белгілі бір реттілікте өзара әрекеттеседі.

Сұрақтың екінші бөлігіне оқытушы іс-әрекетінің мақсаты жатады, үй тапсырмасы мен түсіндірмені қайталау, сауалнамаға жататын Қазақстан тарихы сабағы құрылымының негізіне арналады. Сабақтың бұл бөлімдері Қазақстан тарихы сабағының құрылымдық бөлшегі саналады. Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы Қазақстан тарихы сабағының құрылымы оқыту мен оқу іс-әрекетінің мақсатты өзара байланысы; тыңдаушылардың бағдарлама ақпаратын игеруі; тыңдаушыларда, студенттерде, оқушыларда толық білім, біліктілік дағдаларды қалыптастыру; өзіндік жұмыстарды орындауда тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың ойлау іс-әрекетін белсендіру; тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту; тыңдаушыларды,

студенттерді, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысы; жеке, топтық және ұжымдық оқыту; оны қолдану арқылы өткен ақпаратты жүйелі қайталау үшін жағдай жасау керектігі туралы қорытынды шығару керек. Қазақстан тарихы сабағының бұл бөлшектері заңдылықтар мен іс-әрекеттің түрлерін кескіндейді.

Практикалық сабақтар жоспарының екінші сұрағының сипаты мен мазмұнын ашу үшін зерттеушілер мен әдіскерлер көзқарасының әртүрлілігін талдай отырып, тарих сабағының жіктемесіне көңіл аудару керек. Сабақтар оқу үдерісінің негізгі кезеңдерінен, дидактикалық мақсаттан, тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінен, оқыту әдістерінен алынып жіктелгенін атап өту керек.

Сабақтарды жіктеу сұрағы әлбетте Қазақстан тарихы сабақтарына да қатысты. Тыңдаушы, колледж студенті, мектеп оқушысы Қазақстан тарихы курсының арнаулы ерекшеліктерін ескеріп, Қазақстан тарихы сабақтарының жүктемесі негізіне оқыту барысы сәттерін алу керек / келесі реттілікке ие оқу үдерісінің негізгі кезеңдері: тақырыпты оқуға кіріспе; ақпаратты алғашқы қабылдау; оны игеру; өзіндік жұмыс пен қайталау жолы арқылы игерілгендігін бекіту; алынған ақпараттарды тәжірибеде қолдану арқылы ақпараттарға ие болу; тексеріс және есеп, бақылау, жаттығулар жолы арқылы дағдыға ие болу; қорытынды шығару, өткендердің барлығын жалпы- бағыттау және жүйелеу. Біз атағандардың барлығы – бұл оқу үдерісінің кезеңдері.

Оқу үдерісінің аталған кезеңдерінен шыға келе, өз белгілері, оқылған ақпарат мазмұнының сипаты, тыңдаушының, колледж студентінің, оқушының білім деңгейі бойынша Қазақстан тарихы сабақтарының түрлері анықталады. Осы көзқарастан Қазақстан тарихы сабақтарын былай бөлуге болады: кіріспе сабақтар, жаңа ақпаратты оқу сабақтары, аралас сабақтар, қайталау сабақтары, білімді түзету және бақылау сабақтары, жалпы –бағыт сабақтары, дәріс сабақтары.

Жоспардың үшінші сұрағы тыңдаушылар, колледж студенті, оқушы Қазақстан тарихын оқытудың қазіргі әдістемесі көзқарасы тұрғысынан жауап талап етеді. Осыған орай ол Қазақстан тарихының әр сабағына оқытушының дайындығы сабақтық жоспар құру, аталған сабақтың өзара байланысты сабақтар жүйесіндегі алатын орнын ескеріп оқыту әдістемесі мен мазмұны, білім беру-тәрбиелік міндеттер көзқарасынан қарастырылу керектігін атап өту керек.

Қазақстан тарихы сабағын сәтті ұйымдастырудың маңызды шарты оқытуға дайындығы кәсіби дайындық пен жеке сапалар, білімділік деңгейі, саяси дайындығымен анықталатын жоғары білікті оқытушы (мұғалім) болып табылады.

Тарих пәні оқытушысының (мұғалімінің) сабаққа дайындалуы Қазақстан тарихы сабағын жоспарлаумен тығыз байланысты. Жоспарлаудың әртүрлі түрлері белгілі: күнтізбелік-жылдық, тақырыптық, сабақтық олардың мақсаты - оқу-тәрбиелік үдерісті ғылыми негізде ұйымдастыру және тыңдаушылардың, Қазақстан тарихы оқу бағдарламасын қолайлы игеруіне қол жеткізу. Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы сабақтарға дайындала отырып, негізінде

сабақтық жоспарлау құрастырылатын тақырыптық жоспарлауды таңдайды.

Тақырыптық жоспарлау белгілі бір сызба бойынша құрылу керек. Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы тақырыптық жоспарлау берілген тақырып немесе ЖОО-ға деінгі білім беру факультетінің, колледждің, мектеп бағдарламасының бөлімі бойынша сабақтар жүйесіндегі оқу-тәрбиелік (білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік) үдерістің негізгі қызметтерін іске асырудың қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет екенін білу керек.

Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы сол сияқты, тақырып бойынша дәрістен тыс жұмыс, сабақтың дидактикалық ақпараты, пәнаралық байланыстар, негізгі түсініктер, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері, сабақтардың түрлері мен құрылымы, мақсаты кескінделетін Қазақстан тарихы сабағын тақырыптық жоспарлаудың бөлшектері туралы да білу керек.

Практикалық сабақтарда тыңдаушылар сызба бойынша тақырыптық жоспарды рәсімдей алады:

I. Тақырып атауы

1. Сабақ мақсаты
2. Сабақ түрі
3. Оқыту әдістері
4. Дидактикалық жабдықтар
5. Қазақстан тарихы сабағының тақырыптары бойынша жұмыс түрлері

II. Өзектендіру (алдында өткен тақырыптармен байланыс)

1. Алған білімдер мен іс-әрекет тәсілдері
2. Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы алғашқы білімдерін өзектендіретін және алдындағы игерілгенді түсінуді тереңдететін өзіндік жұмыстардың түрі

III. Іс-әрекет тәсілдері мен жаңа ұғымдарды қалыптастыру

1. Жаңа ұғымдар мен іс-әрекет тәсілдері.
2. Негізгі және туынды мәселелер мен өзіндік жұмыстардың түрлері.

IV. Қолдану (біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру)

1. Алдыңғы сабақтарда оқылған ақпараттар енетін тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың өзіндік жұмыс түрлері.

2. Дүниетаным мен білім жүйесін қалыптастыру үшін қажетті пәнаралық байланыстар.

V. Үй тапсырмасы.

1. Қайталау / (оқу ақпаратының көлемі).
2. Келесі сабаққа дайындалуға қажет өзіндік жұмыс түрлері.

5-сабақ

Тақырып: Қазақстан тарихы сабағын мақсатты орындау және тақырыптың білім беру-тәрбиелік міндеттерін анықтау.

Мақсат: Тақырыптың білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерін анықтау және Қазақстан тарихы сабағының мақсаттын бекітуді

құрастыру.

Жоспар

I. Тыңдаушының, колледж студентінің, оқушының білімін тексеру

1. Қазақстан тарихы сабағын мақсатын бекіту дегеніміз не?
2. Қазақстан тарихы сабағын мақсатын бекітудің мәні.
3. Қазақстан тарихы сабағын мақсатын бекітудің анықтау жолдары.
4. Сабақтың мақсатын бекітуді анықтауда тәжірибеде кездесетін қателер.

II. Қазақстан тарихының жеке сабақтары мен тақырыптың білім беру-тәрбиелік міндеттерін анықтау бойынша жұмыстар.

III. Қазақстан тарихы сабағын мақсатын бекітуді құрастыру (таңдау бойынша).

IV. Сабақты мақсатын бекітуді анықтаудың баспалдақтары.

V. Қазақстан тарихы сабағын мақсатын бекітуді анықтау кестесін құрастыру туралы қолданбалы сабақ.

Әдістемелік нұсқаулар

Қазақстан тарихы сабағына оқытушыны (мұғалімді) дайындауда орталық орынды оған кіретін сабақтар мен тақырыптардың білім беру-тәрбиелік мақсаттарын анықтау алу керек.

Тыңдаушы, колледж студенті, оқушы бірінші сұрақты аша отырып, тарих сабағының мақсатын бекіту ережесін жақсы есте сақтау керек.

Қазақстан тарихы сабағының мақсатын бекіту – бұл тарихи курста сабақтың алатын орны мен тарихты ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде, коллежде, мектепте оқытудың білім беру-тәрбиелік міндеттерінен шығатын, сабақтың басты идеялық-теоретикалық бағыттылығының қысқа көрінісі.

Осыдан кейін тыңдаушы, студент, оқушы Қазақстан тарихының әртүрлі сабақтарын мақсатын бекітуді табудың әдістемелік жолдарын анықтау керек, сол сияқты тарихты ЖОО-ға дейінгі білім факультетінде, коллежде, мектепте оқытудың негізгі білім беру-тәрбиелік міндеттерінен шығуы керек. Жалпы міндеттерді анық ұғыну ғана Қазақстан тарихы сабақтарының мақсатын анықтаудың дұрыс жолын табуға көмектеседі.

Тыңдаушы Қазақстан тарихы сабағының мақсатына екі өзара байланысты сипаттар енетінін білуі керек. Олардың бірі тарихтың берілген сабағына ғана тән жеке білім беру-тәрбиелік міндеттерді шешудегі мақсатты бекітудің рөлін көрсетеді. Бірінші сипатта мақсатты бекіту осы сабақ мазмұнының ең бастысын білдіреді – бұл басты фактілер, оларға тән сипаттар, басты фактілер арасындағы қатынастар мен объективті байланыстар, бір жағынан, және оқытушыны (мұғалімді) тарихи ақпарат сабағында тыңдаушылардың, студенттердің, оқушылардың барлық оқылатынды игеруге және ғылыми дұрыс қабылдауға итермелеуге бағыттайды.

Екінші сипаты Қазақстан тарихын оқытуда жалпы білім беру-тәрбиелік міндеттерін біртұтас шешуге ықпал етеді. Осы ортақ міндеттерден шыға келе, әр

сабақтың мақсатты бекітілуі оқытушыны, (мұғалімді) осы міндеттердің қандай да бір бөлігін шешуге бағыттайды.

Сабақтың мақсатын бекітудің екі өзара байланысты сипатын айта отырып, тыңдаушы ,студент, оқушы жоспар сұрағына келесіден дұрыс жауап табады: «мақсатты бекіту өзіне жалпы мен бірліктің барлық байлығын өзіне қосып оқытушыны (мұғалімді) оқытуда идеясыз фактологияға да, алшақтаған мәжбүрлікке де шалдырады».

Тыңдаушы,студент, оқушы төртінші сұраққа дайындала отырып, Қазақстан тарихы сабағының мақсатты бекітулерін анықтауда тәжірибеде кездесетін маңызды кемшіліктердің себебін табу керек. ЖОО-ға білім беру факультетінде, коллежде, мектеп тәжірибесінде осындай себептер қатары кездеседі. Осылай, Қазақстан тарихын оқытатын оқытушылардың, (мұғалімдердің) бір бөлігі сабақтарды дайындағанда олардың мақсатты бекітулерін анықтауға қажетті көңіл бөлмейді және оқытуды идеялық-теоретикалық қатынаста жеткіліксіз мақсатты құрады. Мақсатты бекіту өте жиі жаңа ақпаратты игерумен немесе сабақ тақырыбын кеңістіктік құрастырумен алмастырылады. Қазақстан тарихы сабағын мақсатты бекіту өте тар, алшақталынып құрастырылады және өзіне оқылатын тарихи ақпараттың ешқандай белгілерін ендірмейді. Ең маңызды қателік идеялық-теоретикалық мақсатты бекітуді оқу міндеттері тізбегімен (іс-әрекеттер, амалдар) алмастыру болып табылады. Мұнда негізгі зейін сабақтың идеялық-теоретикалық бағыттылығына емес, оқу іс-әрекетіне (қайталау, білімдерді жүйелеу) аударылады.

Сабақтың мақсатын бекітуді анықтау бойынша тыңдаушылардың білімін, Қазақстан тарихы сабағының мақсатты бекітуін құрастыруға кіріседі. Сабақтың мақсатын бекітудің кезеңдерін (баспалдақтарын) білу өте маңызды. Тыңдаушыларға, студенттерге, оқушыларға пән бойынша сабақтың мақсатын бекітуін анықтау кезеңдерінің кестесін (логикалық сызбасын) көрсету маңызды.

Сабақтың мақсатын бекітулерін анықтау кезеңдерінің КЕСТЕСІ

Тыңдаушыларды шығару _____

Тыңдаушыларға түсіндіру _____

Көрсету _____

Тақырып: XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы

1. Басты құбылыс XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның /оқиға/ әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы.
2. Маңызды Патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық құбылыстар басқару туралы реформалары (жазық аудандар, /оқиғалар/ уездер, болыстар), патшалық отарлаумен казак

- жерлерін басып алуы.
3. Басты және маңызды құбылыстардың /оқиғалардың/ сипаттары мен белгілері /ішкі мазмұны/ Қазақстанның халық шаруашылығының әртүрлі саласында өзінің билігін берік орнату үшін патшалықтың отарлау саясаты (ауыл шаруашылығы, өндіріс, темір жол және т.б.).
Саясаттың ауыл шаруашылығына, ауылшаруашылық өнімдерді өндеудегі ұсақ өнеркәсіпке енуі. Темір жолдар салу, қалалардың өсуі.
 4. Басты және маңызды құбылыстардың /оқиғалардың/ заңдылығы, /себеп-салдарлық байланыс/. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы патшалықтың отаршылдық саясатына қарамастан прогрессивті мәнге ие болды (салдар).
Қазақстанда өндіріс дами бастады, жұмыс санатындағы ұлттық кадрлер қалыптаса бастады (себеп). Ұлттық аймақтағы еңбекшілердің экономикалық және саяси құлдырауының үдеуі (салдар).
Капиталистік қатынастардың туындауы (себеп).
Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы және оның феодалдық қатынастан капитализмнің дамуына ауысуы – бұл қазақ халқы қоғамының XIX ғасырдың екінші жартысында даму заңдылығы.
 5. Идеялық-теоретикалық қорытындылар Құбылыстарды (оқиғаларды), тән сипаттар мен белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды талдау және жалпылау, құбылыстар (оқиғалар) арасындағы қатынастар сабақ мақсатын анықтауға алып келеді және оған қол жеткізу сабақтың идеялық-теоретикалық қорытындысы болады.
 6. Сабақ мақсатын анықтау Білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттері

Тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресейге қосылғанынан кейін Қазақстанның көшпелі шаруашылығына тауар-ақшалық қатынастың енуі үдегенін, осыған орай патриархалды-феодалдық тұрақтылықтың негізі қалана бастағанын, қазақтардың табиғи шаруашылығы нарықтық қатынасқа ұласа бастағанын түсінулеріне алып келу керек. Қазақстан капиталистік дамуға тартылды. Қазақстанда өзінің билігін орнату үшін патшалық үкімет XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстандағы отарлау

реформаларын жүргізді. / «Уақытша ереже» 1893 ж., «Жаңа ереже» 1891 ж., бұлар патшалық отаршылдырдың қазақ жерлерін басқаруын заңдастырды.

Тыңдаушыларға, колледж студенттеріне, оқушыларға капиталистік қатынастардың Қазақстанның ауыл шаруашылығына енуі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша ұсақ өндірістердің дамуы, ХІХ ғасырдың екінші жартысында темір жолдарды салу және қазақ шаруаларының кедейленген бөлігінен құралған, Сібір мен Орталық Ресейден қоныс аударған жұмысшылар есебінен қатары толған жұмыс табының қалыптасуы Қазақстандағы қалалардың дамуын үдеткенін түсіндіру (Омск, Ташкент, Орынбор, Петропавл, Семей, Орал, Павлодар, Ақтөбе).

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы капиталистік қатынастардың дамуы ұлттық аймақтардағы еңбекшілердің экономикалық және саяси құлдырауын күшейткенін атап өту керек.

Тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың білімін тексеру

Тақырып: Қазақстан тарихының жеке сабақтарының мақсатты бекітулерін анықтау.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Берілген Қазақстан тарихы курсына алатын орны мен білім беру-тәрбиелік міндеттерін анықтау мақсатында «ХVІІІ ғасыр ортасындағы Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайы» бөлімінің мазмұнын ұжымдық талдау.

2. «Қазақ-жоңғар соғысы» тақырыбының мақсатын бекітуді анықтау.

3. Тыңдаушылардың, колледж студенттерінің, оқушылардың танымдық іс-әрекетін және оқу ақпаратын ауызша мазмұндау тәсілдерін іріктеп жаңа ақпаратты оқудың жазбаша жоспарын құру.

Дәрістің кестелі жоспарының үлгісі

Уақыт	Жұмыс түрі	Мұғалім әрекеті	Тыңдаушы әрекеті
2 мин	Ұйымдастыру бөлімі	Тыңдаушылармен, колледж студенттерімен, оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындық.	Оқу-құралдарын дайындау, тыңдау
13 мин	Өткен материалды еске түсіру.	1. «Ғажайып сұрақтар» ойыны 2. «Жауабын сәйкестендір» ойыны	Өткен тақырыптар бойынша уақытылы жауап беру
15 мин	Жаңа сабақ беру	Презентациямен түсіндіру	Жазып, тыңдау
17 мин	Сабақты бекіту	1. «Хронологиялық кестені аяқтау» ойыны. 2. «Сөзжұмбақ» ойыны. 3. «Математикалық есеп» ойыны 4. Бекітуге арналған жүгіртпе сұрақтар. 5. Тест	Белсенді түрде жарыса жауап беру, тақтаға шығып жауабын көрсету
1 мин	Үй тапсырмасын беру.	Дәптерге жаздыру	Тапсырманы нақтылау
1 мин	Тыңдаушыларды, колледж студенттерін, оқушыларды мадақтап бағалау.	Жеке атап мадақтау	Тыңдаушылар, жаныдағылардың көзқарасымен бағаланады
1 мин	Сабақты қорытындылау.	Сабақты аяқтау	Спикерге пікірін жазу
50	Барлығы:		

Тест сұрақтары мен жауаптары

«XX ғасырдың Гомері» атанған ақын*Жамбыл Жабаев

«Найман» монғолша*сегіз

«Сақтар әлемдегі ең әділ, ең шыншыл халық деп жазған»*Гректер

«Сақтар құдай деп күнді есептеген және оған жылқыны құрбандыққа шалды деген»*Страбон

1930 ж. аяғында республикада ғана емес КСРО-да ірі өнеркәсіп түрі болған өндірістер*түсті металлургия

1930 ж. КСРО-ның әр аймақтарында оқыған қазақстандықтардың саны*20 мың

1930 ж. ҚазАССР-ін «КСРО-дағы тұтас металлургиялық провинция» ретінде көрсеткен академик*Н.С.Курнаков

1950 ж. Отанынан тыс жерге кетіп қалуға мәжбүр болған жазушы*М.Әуезов

1950 ж. өсірген қаракөл қойлары Делидегі, Нью-Йорктегі, Познаньдегі халықаралық аукциондарға қатысқан Жамбыл облысының шопаны*Ж.Куанышбаев

1950 ж. Шығыстың қай елдерімен Қазақстанның халықаралық байланыстары дамыды*Үндістан, Индонезия, Бирма, Непал, ҚХР

1960 ж. басында пионер лагерінде дем алған балалар саны*200 мыңға жуық

1960 ж. КСРО-дағы ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттары*электрлендіру

1960 ж. Н.С.Хрущев партиялық ұйымдарды қандай белгілері бойынша бөлді*Өндірістік

1960-80 ж. Қазақ КСР-да жүктердің негізгі көлемі тасымалданды*темір жол көліктерімен

1970 ж. шаруашылық жүйесін өзгертуге тырысқан совхоз директоры*И.Худенко

1970-80 ж. халықаралық сайыстар лауреаты атағына ие болып, көптеген шетелдерге танылған әнші*Р.Рымбаева

1980 ж. аяғында республика экспортының шикізат, материалдар мен жартылай дайын өнімдерін құраған мөлшері*97%

1980 ж. КСРО басшыларының елдегі кез келген проблеманы шешуге болады деп сенген әдісі*Ескі әміршіл-әкімшіл әдіс

1980 ж. Қазақстан экспортқа шығарудың көлемі жағынан КСРО бойынша нешінші орында тұрды*Бесінші

1980 ж. соңында КСРО бойынша өндіріске енгізілген ғылыми-техникалық жаңалықтардан Қазақстанның үлесіне тигені*3%

1990 ж. басында М.Әуезов атындағы театр сахнасында қойылған, осыған дейін тиым салынып келген қойылым*Аймаутовтың «Ақбілегі»

1990 ж. Қазақстандық немістердің құрған қаражаты мол, мүше саны көп ұйымы*Видергебурд (қайта өрлеу)

1990 ж. соңына қарай Қазақстандағы саяси-қоғамдық бірлестіктердің саны*Жүзден асты

234 адам медальдармен марапатталды*«Жапонияны жеңгені үшін»

240 жылға жуық өмір сүрген мемлекет*Ақ Орда

25 жылға бас еркіндігінен айырылып, 1954 жылы ақталған тарих ғылымының докторы*Е.Бекмаханов

25 жылға бас еркіндігінен айырылып, ірі ғалымдардың (Панкратова) араласуымен
Е.Бекмаханов ақталды*1954 ж.

25 қазан «Республика күні» болып аталу себебі*Қазақстанның мемлекеттік
егемендігі туралы декларация қабылданды

25 мыңдық партизан отрядтары Қостанайды қолчакшылардан қашан азат етті*1919
ж. 5 сәуір

30 гектардан асатын қала жұрты*Испиджаб, Отырар, Сауран

30 қыркүйек қандай күн деп аталды*Ұлттық бірлік күні деп аталды

300-400 жұмыскері бар өндіріс орындары*Успен кеніші, Қарағанды көмір алабы,
Екібастұз, Риддер

31 кітаптан тұратын «Іс-қимылдар» шығармасының авторы*Марцеллин

316 дивизия қатарында ерлік көрсеткен, Кеңес Одағының Батыры*М.Ғабдуллин

40 ж. астам Қазақстан өкіметінің, республика партия ұйымының басшылығында
болған*Қонаев

40 мың қырғыз отбасының Ресей империясы құрамына өтуді тездеткен себеп*орыс
отрядтарының Қызылағаш өзенінің аңғарына келуі

410-453 ж. өмір сүрді*Аттила

448 ж. Аттила сарайында болған «Бір көрген адам Аттиланьң азиялық екендігін
бірден айтады»,-деп жазған*Прииск Макконский

451 ж. Рим-франк одағы мен ғұндар арасында шайқас өткен жер*Каталаун

452 ж. Аттила Италияны ойрандап, осы қалаларды басып алды*Падуя, Милан

453 ж. Аттила қайтыс болып, ыдырады*Ғұн одағы

483 шақырым Мойынты-Шу темір жолы салынды*1950 ж.

V ғасырдың 30 жылы Еуропаға жорық жасаған, ғұн басшысы*Еділ

50 жылдары жазықсыз қудаланып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған
ғалым*Қ.Сәтбаев

535 ж. түркі тайпаларын біріктірген қаған*Бумын

542 ж. «түрік» этнонимі алғаш қолданылған*қытай дерегінде

545 ж. Түрік қолбасшысына келді*қытай елшісі

546 ж. осы тайпалар қосылды*«Теле»

54-атқыштар бригадасының мергені*Ә.Молдағұлова

551-563 ж. Түріктер эфталиттерге қарсы қай мемлекетпен одақтасты*Иранмен

552 ж. Бумын 50 мың әскерімен талқандады*Аварды

552 ж. Бумын қаған қаза болып, оның орнына баласы қаған болды*Қара-Еске

552 ж. Жужан қағандығы жеңіледі*Түріктерден

552 ж. Түрік қағанатының негізін қалаған қаған*Бумын қаған

552 ж. Түріктердің қай қолбасшысы аварларға қарсы шықты*Бұмын қаған

552-554 ж. билік құрған түрік қағаны*Мұқан

552-554 ж. Қара-Ескенің інісі Мұқан қағанның кезінде*Жужандар бас көтерместей
жеңілген

552-603 ж. өмір сүрген қағанат*Түрік қағанаты

561-563 ж. Түріктер қай мемлекетпен эфталиттерге қарсы одақ құрды*Иранмен

563-567 ж. Түріктер жаулап алды*Эфталит патшалығын

567 ж. Бұхар түбінде түріктер жеңді*Эфталиттерді

567 ж. Византияның түрік қағанына елшілігін жіберді*Земарх

567 ж. Иштеми қаған қай елге екі сауда елшілігін аттандырды*Иранға

568 ж. осы қала жазба деректерде алғаш рет аталды*Тараз

568 ж. Түрік қағанатының Константинопольге барған елшілігін басқарды*Көпес Маниах

568 ж. Түрік қағанаты мен Византия мемлекеті*Иранға қарсы одақ құрды

568 ж. Түрік қағанатының Маниах бастаған елшілігі Константинопольге барып, келісімге қол қойды*Сауда және Иранға қарсы әскери одақ құрды

570-580 ж. Түрік қағанатының шығысындағы саяси ықпалының күшті болған*Тобо қаған кезінде

581 ж. Түрік қағанатында болған оқиға*Қағанат ішінде өзара соғыс болды

603 ж. Түрік қағанаты бөлінді*Батыс және Шығыс

622 ж. 16 шілдеде Мұхаммед пайғамбар қайда қоныс аударды*Меккеден Мединаға

627 ж. Батыс Түрік қағанаты Византиямен бірігіп соғыс ашты*Иранға

627 ж. Тон қаған әскери көмек көрсетті*Византияға

629 ж. осы қаланың жазба деректерде алғаш рет аталуы*Испиджаб

629-630 ж. саяхат жасаған Қытай тарихшысы*Сюань Цзянь

634 ж. Батыс түрік қағанатында нушеби тайпасының қолдауымен билікке келген*Ешбар Елтеріс

640-657 ж. Батыс түрік қағанатында болды*тайпааралық соғыстар

656 ж. Қимақтардың басшысы қалай аталды*Шад-түтік

659 ж. Жетісуға басып кіріп, Батыс Түрік қағанатын басып алады*Қытай мемлекеті

659 ж. Тан империясы басып алды*Жетісуды

682 ж. Шығыс түріктері өз мемлекетін құрды*Моңғолияда

682-744 ж. билік құрған мемлекет*Шығыс Түрік қағанаты

700 казак әскерінен, 400-ден астам хан-сұлтан жасақтарынан құралған жазалаушылар Исатай қолына қарсы тұрды*1837 жылы 9-қараша

704 ж. Жетісуда билік басына келді*түргештер

704 ж. құрылған мемлекет*Түргеш қағанаты

704 ж. Үшлік жеңеді*Қытайларды

704-756 ж. аралығында Таразда соғылған тенге*Түргеш тенгесі

704-766 ж. түркеш теңгелері соғылған қала*Тараз

705 ж. Арабтар жаулап ала бастады*Мәуераннахрды

706 ж. Түркештер соғдылармен одақтасып, Бұхар маңында жеңді*Арабтарды

711 ж. Қара түркештер шақыруымен келген Шығыс түрік қағаны Қапаған сары түркештерді қай жерде жеңді*Болучу (Жоңғария)

714 ж. Кутейба жорық жасады*Исбиджабқа

714 ж. Шашты басып алған араб қолбасшысы*Кутейба ибн Муслим

715-738 ж. қай қаған тұсында Түргеш қағаны күшейді*Сұлу

720-721 ж. Соғды жеріндегі арабтарды жеңген Сұлу қағанның қолбасшысы*Құли Шор

723 ж. Сұлық қаған (сүзеген) соққы берді*Арабтарға

723 ж. Түркештер бірігіп арабтарға соққы берді*Ферғана қарлұқтары және Шаш тұрғындарымен

732 ж. Арабтар түркештерді ығыстырып, қайта жаулап алды*Бұхарды

736 ж. Сұлу қаған арабтарға қарсы шығып, жеңіледі*Тоқарстанда

737 ж. Тоқарстандағы арабтарды талқандауға түргештермен біріккен тайпа*Қарлұқтар

738 ж. еліне оралған Сұлу қаған Навакет қаласында өз қолбасшысының опасыздығынан қаза табады*Баға тархан

738 ж. қолбасшы Баға Тархан осы қағанды өлтіріп, оның ұлына қарсы соғысты бастады*Сұлу

742 ж. Қарлұқтар мен түріктер шайқасында жеңіске жетті*Қарлұқтар

742 ж. мына тайпалар бірікті*қарлұқтар, ұйғыр, басмыл

744 ж. Шығыс түрік жерінде қай қағанат пайда болды*Ұйғыр

745-840 ж. Ұйғыр қағанаты билік құрды*Моңғолияда

746 ж. Жетісуға кімдер қоныс аударды*қарлұқтар

746 ж. қарлұқтар Ұйғыр қағанатынан жеңіліп, қайда қоныс аударды*Жетісуға

748 ж. Қытай қай қаланы жаулап алып қиратты*Суяб

748 ж. Түргештердің астанасы Суяб қаласын басып алған*Қытай империясы

749-753 ж. Түргеш қағанатындағы билікті өз қолына алған*қара түргештердің тарханы Жыпыр

751 ж. арабтар мен қытайлар арасындағы шайқас өткен жер*Атлах қаласы

751 ж. Атлах қаласы маңындағы арабтар мен қытайлар арасындағы шайқас қанша күнге созылды*5 күн

751 ж. Атлах маңындағы түргештер мен қытайлар арасындағы шайқастың нәтижесі*Қытайлар Жетісудан біржола кетті

751 ж. Таразға жақын жерде болды*Атлах шайқасы

751 ж. Таразға жақын жердегі Атлах шайқасының мәні*араб әскерлерімен түргештер бірлесе отырып, қытай әскерлеріне соққы берді

756 ж. Түркеш қағандығын құлатып, билікті өз қолына алған тайпа*Қарлұқ

756-940 ж. аралығында өмір сүрген қағанат*Қарлұқ қағанаты

760-840 ж. Қимақтардың қоныстанған жері*Батыс Алтай, Тарбағатай, Алакөл өңірлері

766-775 ж. Қарлұқтар Қашқарияны жаулап алып, шекарасын кеңейтеді*Шығыстағы

791 ж. Қарлұқтар Бесбалық түбінде осы тайпалардан жеңілді*Ұйғырлардан

7-гвардиялық атты әскер дивизиясының 19-шы гвардиялық атты әскер полкінің командирі, Жамбылдың ұлы Алғадай ерлікпен қаза тапты*Синельниково қаласының маңында

8 ғ. (746 ж.) қарлұқтар ұйғыр қысымымен қайда көшті*Жетісуға

800 майдангер солдаттар мен «тыл жұмысына» алынған қазақтар «Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымын» ұйымдастырды*Сергиопольде

806 шақырым болатын Ақмола-Қарталы темір жолы салынды*1940 жылы

812 ж. Қарлұқтар жеңілді*Арабтардан

840 ж. Білге Күл-Қадырхан өзін қаған жариялап, қарлұқтар бостандығы тайпалары*тухси, шігіл, азкікші, түркеш, халаж, жарұқ, барысхан, көкеркін, бескіл

840 ж. дейінгі Қарлұқ мемлекеті басшысының атауы*Жабғу

840 ж. қарлұқтар қырғыздармен бірігіп, Ұйғыр қағанатын тас-талқан етіп жеңеді*Осы жеңістен кейін Білге Күл Қадыр хан Испиджаб қаласының билеушісі өзін қаған деп жариялайды

840 ж. ұйғыр қағанаты құлап, қимақты 7 тайпа құрды*Эймур, имақ, қыпшақ, татар, баяндур, ланиказ, ажлар

893 ж. Исмаил ибн Ахмад қай қаладағы шіркеуді мешітке айналдырды*Тараз

8-гвардиялық дивизия болып қайта құрылған қайсы дивизия*316-атқыштар дивизиясы

9 ғ. аяғында Испиджабты басып алып, Таразды қоршады*Саманилер

900 күн бойы неміс-фашистердің қоршауында болған қала*Ленинград

915-955 ж. билік еткен хан*Сатұқ Боғра
92 ру-тайпадан құралған хандық*Әбілқайыр хандығы
924 ж. Алтайдан Тынық мұхитқа дейінгі аумақты алып жатқан қидандардың Ляо мемлекеті 1125 ж. құлағаннан кейін, Елюй Даши бастаған 40 мың түтін келіп қоныстанды*Жетісуға
940 ж. Қарлұқ қағанатын әлсіретті*ішкі талас-тартыстар мен билік үшін күрес
940 ж. Қарлұқ қағанатын талқандаған*Қашғардың түрік билеушілері
940 ж. Қашғардың билеушілері жаулап алды*Баласағұнды
940 ж. Қашғардың түрік билеушілерінің жаулауынан өмір сүруін тоқтатты*Қарлұқ қағанаты
942 ж. құрылған мемлекет*Қарахан
942-1212 ж. өмір сүрген мемлекет*Қарахан (Негізін салушы-Сатұқ Боғра хан)
955 ж. Қарахан мемлекетінде билікке келді*Мұса хан
955 ж. Сатұқ Боғра хан қайтыс болды*Қошқарбасы деген жерде
960 ж. ислам дінін мемлекеттік дін ретінде жариялаған қарахан билеушісі*Мұса хан
960 ж. исламды мемлекеттік дін деп жариялаған Қазақстандағы ерте ортағасырлық мемлекет*Қарахан мемлекеті
965 ж. оғыз жабғуы Хазарларға қарсы әскери одақ құрған Киев кінәзі*Святославпен
965 ж. оғыздар Киев Русімен одақтасып кімдерді талқандады*Хазар қағанатын
965 ж. оғыздар Хазарларға қарсы әскери одақ құрды*Киев Русімен
985 ж. кінәз Владимирдің торктармен (оғыздармен) одақтаса отырып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы қай жазбада айтылады*орыс жылнамаларында
985 ж. Оғыздар князь Владимирмен одақтасып, жеңді*Еділ Бұлғариясын
990 ж. Тараз, Испиджаб қалалары құрамына енді*Қарахан мемлекетінің
992 ж. Қарахан мемлекетінің құрамына енген қалалар*Хотан, Бұхар
999 ж. Насыр ибн Әли басып алды*Бұқар қаласын
999 ж. Саманилер мемлекеті бірікті*Қарахан мемлекетімен
I Александрдың жарлығы бойынша Орта жүзде хандық институт заңды түрде жойылды*1822 ж.
I Дарий әскерін шөл далаға апарып қырған сақ малшысы*Ширақ
I Дарий қай жылдары сақтарға жорық жасады*б.д.д. 519-518 ж.ж.
I дүние жүзілік соғыс жылдары Қазақстанға әкелінген әскери тұтқындардың арасында негізінен басым болды*Славян
I дүние жүзілік соғыс жылдары Қазақстанға әскери тұтқындардың алғашқы топтары әкеліне бастады*1914 ж. тамыз
I дүние жүзілік соғыс жылдары Орынборда өлкесінен майданға тартылған жұмысшылардың саны*40%-ға жуық
I дүние жүзілік соғыс жылдарында Жетісу облысында майданға тартылған жұмысшылардың саны*1/3 бөлігі
I дүние жүзілік соғыс жылдарында мұнай өндіру көлемі кеміп кеткен өлке*Ембі
I дүние жүзілік соғыс кезінде баға қымбаттады*ұн 70%, қант 50%, сабын 200%
I дүние жүзілік соғыс кезінде соғыс қажетіне 34 млн. сомның өнімін жіберді*Жетісу облысы
I дүниежүзілік соғыс жылдары майданға тартылған жұмысшылардың саны*Семей, Ақмола облысда 50%, Орынборда 40%, Жетісуда 1/3 бөлігі
I дүниежүзілік соғыс жылдарында Орынбор өлкесінен майданға тартылған жұмысшылардың пайызы*40%

I дүниежүзілік соғыс жылдарында Семей, Ақмола облыстарынан майданға тартылған жұмысшылардың саны*50%

I дүниежүзілік соғыс кезінде соғыс қажетіне 34 млн. сомның өнімін жіберді*Жетісу облысы

I Петр Ресейдің Шығыспен сауда қатынасын өрістету үшін Қазақстанның маңызы*«Кілт және қақпа»

I Петр шығыспен сауда қатынасын өрістету үшін Қазақстанның маңызы*“Кілт және Қақпа” деп санады

I Петрдің «Азияға жол іздеу» талабымен құрылған экспедициясын басқарған подполковник*И.Д.Бухгольц

II Александр «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын уақытша басқару ережесі» туралы құжатты қашан бекітті*1868 жылы 21 қазанда

II Александр патша «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы Дала облыстарын басқару туралы уақытша Ережеге» қол қойды*1868 жылы

II Александр патша «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша Ережені» бекітті*1867 жылы 11 шілде

II ғасырдағы тарихи оқиғаларға байланысты туған әдеби шығарма*«Оғызнама»

II дүниежүзілік соғыс жылдары-1939 жылдың 1-ші қыркүйегі*1945 жыл 2 қыркүйек

II дүниежүзілік соғыс кезінде қаза болған ҚСРО-ның азаматтары*27 млн.

II дүниежүзілік соғыстан кейін жоғарыдан төмен қарай, иерархиялық-пирамидалық құрылымға айналған ұйым*Кеңес Одағының Коммунисттик партиясы (КОКП)

II дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары зауыт, фабрикалардағы адамдардың кәсіби даярлығын арттыру мақсатында ашылған мектептер*Еңбек резервтер мектептері

II Екатерина Абылайды Орта жүздің ханы етіп бекіту туралы грамотаға қол қойды*1778 жылы 24-мамыр

II Екатерина бұйрығымен Е. Пугачевті 1775 жылы қаңтарында Мәскеуде*Болотная алаңында дарға асты

II Екатерина Бұхар саудагерлеріне Қазақстан территориясында еркін сауда жасауға рұқсат берді: 1767 жылы 15 қарашада

II Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған*Кадет Бірімжанов

II Мемлекеттік Думаның депутаты*Шаймерден Қосшығұлов

III мемлекеттік Дума сайлауы туралы ережеге өзгерістер енгізілгені жөнінде патша жарлығы қашан шықты*1907 жылы 3 маусымда

III-V ғ. зергерлік өнерде қолданылды*алтын

IV бесжылдық жылдарында республикадағы астықтың орташа шығымдылығы қай жылғы көрсеткішке тең болды*1913 жылы

IV Бүкіл Түркістандық төтенше съезд шешімінің нәтижесі*Түркістан автономиясы құрылды

IV ғ. жазба деректерінде қидандар қандай тайпа ретінде көрсетілді*Моңғол тілдес

IV мемлекеттік Думада 1916 ж. желтоқсанның 1-3-інде көтеріліс қанға тұншықтырылғаннан кейін әшкерелеп, патша өкіметін сынға алып өткір сөз сөйлеген кім*А.Керенский

IV-IX ғ. қалалық мәдениет дамыған, Тараз, Алмалық, Қойлық қалалары орналасқан өңір*Жетісу

IX ғ. «Оғызнама» дастаны қай тілге аударылған*Араб тіліне (VIғ.парсы тіліне)

IX ғ. аяғы-XI ғ. басы Оғыздардың территориясы*Сырдария-Еділ аралығы

IX ғ. бастап алфавиттің қай түрі кеңінен тарады*Араб
IX ғ. басында қарлұқтар жеңілген мемлекет*Ұйғыр қағанаты
IX ғ. ежелгі түрік жазуымен жазғандығын дәлелдейтін айғақ*қола айналардағы жазу
IX ғ. қарлұқтар өздерінің шығысындағы аталған мемлекеттен жеңіліс табады*Ұйғыр қағанатынан.
IX ғ. мен XI ғ. бас кезінде Сырдариядан Еділге дейінгі аймақты иеленді*Оғыз тайпалары
IX-X ғ. «қазақ» атауы әлеуметтік мағынада қоданылған жер*Шығыс Дешті Қыпшақта
IX-X ғ. алғашқы мұсылман бейіттері табылған жер*Отырар оазисінде
IX-X ғ. араб саяхатшылары картаға түсірді*Арал теңізін
IX-X ғ. аралығында алғаш рет айтылған қазақ халқының ұраны*Алаш
IX-X ғ. жататын қала жұртының орнынан ең көп табылғаны*Шыны бұйымдар
IX-X ғ. Жетісудың солтүстік-шығысында қанша қала болды*12 қала
IX-X ғ. қимақтардың ежелгі түрік жазуымен жазғандығын дәлелдейтін айғақ*қола айналардағы жазу
IX-X ғ. Оғыз этникасы қай аймақта құрылды*Жетісу
IX-X ғ. өмір сүрген данышпан, Шығыстың атақты ғалымы*Әл-Фараби
IX-X ғ. Сырдарияның орта және төменгі ағыстарын және Батыс Қазақстан далаларын қай мемлекет алып жатты*оғыздар
IX-X ғ. Халықаралық валюта ретінде қандай ақша қолданылды*алтын динарлар
IX-XI ғ. Оғыз мемлекетінің қалаларын белгілеңіз*Жент, Сауран, Фараб, Сығанак
IX-XII ғ. кезеңіндегі саудаға не тән*Тауар-ақша қатынасы
IX-XII ғ. қалалар аумағы өсті*рабадтар есебінен
IX-XII ғ. қалалар қандай себептермен жылдам өсе бастады*Көшпелілердің отырықшылануы
IX-XII ғ. қандай ыдыстар көп таралған*шыңылтырлы жазбалы және оймышты күйғыш
IX-XII ғ. қыш құмырашылардың қолы жеткен жетістіктерінің бірі*Шыны бұйымдар жасау
IX-XII ғ. саудаға тән*тауар-ақша қатынастарының өсуі
IX-XII ғ. Сырдария сағасындағы ірі сауда орталығы*Янгикент
IX-XII ғ. түркі қалалары жылдам өсе бастады*көшпелілердің отырықшылануы есебінен
IX-XII ғ. түркілерде қай тіл кеңінен қолданылды*Соғды тілі
IX-XII ғ. түркілерде қолданылды*араб тілі
IX-XII ғ. халық көп қоныстанған қала*Испиджаб
IX-XIII ғ. басында Қазақстан даласында қалалар салу мәдениетінің көтерілген аймағы*Жетісу ауданы
IX-X ғ. өмір сүрген данышпан, Шығыстың атақты ғалымы*Әл-Фараби
V ғ. 30 жылдарында Румыния мен Венгрия елдеріндегі ғұндарды қол астына жинап, патшалық құрды*Аттила
V ғ. бірінші жартысында Шығыс Рим империясында христиан дінінде кімнің жолын қушылардың сектасы пайда болды*Несторийдің
V ғ. Дерек көздері осы ғасырда қарлұқтарды қалай деп атаған*«Бұлақтар»
V ғ. жазба деректерде қарлұқтар құрамында кездеседі*тирек тайпалары

V ғ. жазылған деректерде қарлұқтарды қалай атанған және билеушілерінің титулы*Елтебер\Яньмо

V ғ. қарлұқтар қай атпен белгілі болды*Болат/бұлақ/

V ғ. өмір сүрген теле тайпасының оңтүстігіндегі көшіп қону жайылымдары қай жерге дейін жетті*Амударияның жоғарғы ағысы

V ғ. I жартысында Шығыс Рим империясында христиан дінінде кімнің жолын қушылардың сектасы болды*Несторийдің

VI ғ. 70 жылдары Түрік қағанаты*Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстігіне дейін жетті

VI ғ. Батыс Түрік қағанатының сол қанатына енген, саны жағынан көп болған тайпа*Түргеш

VI ғ. екінші жартысында сауда жолына байланысты дипломатиялық келісім жасаған елдер*Түрік қағанаты мен Византия

VI ғ. жужандар (аварлар) қағанатын талқандау нәтижесінде құрылған мемлекет*Түрік қағанаты

VI ғ. Қазақстан жері құдіретті мемлекет*Түрік қағанатының иелігінде болды

VI ғ. ортасында Түрік қағанаты жаулап алған эфталиттердің өмір сүрген жері*Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістан аралығы

VI ғ. парсы тіліне, ал IX ғ. араб тіліне аударылған шығарма*«Оғызнама»

VI ғ. түріктерде жазудың болғандығын куәландырады*қытайлардың деректері

VI ғ. түрік жазбалары болғандығына қандай деректер куәлік етеді*Қытай

VI өлкелік партия конференциясының қаулы-қарарында тезис бекітілді, ол*ұлттық мамандар топтарға бөлініп күресіп жатыр

